

## Жарма ауданы әкімінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 8 шешімінің күшін жою туралы

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімінің 2019 жылғы 18 ақпандағы № 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 20 ақпанда № 5-10-169 болып тіркелді

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабының 2 тармағына 4) тармақшасына сәйкес, Жарма ауданының әкімі ШЕШТІ:

1. Жарма ауданы әкімінің 2018 жылғы 26 маусымдағы № 8 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5-10-144 тіркелген, 2018 жылдың 6 шілдедегі № 27 (9025) "Қалба тынысы" аудандық газетінде және 2018 жылы 03 шілдеде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. "Жарма ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімінің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жарма ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Жарма ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау "Жарма ауданы әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы А. Утбаевқа жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы*

*Н. Нургалиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК